Қоғамдық тыңдаулар
өткізу қағидаларының
5-қосымшасы

Нысан

**«Атырау облысындағы құрлық нысандары үшін** 2025 **жылға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім құжаттар» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау хаттамасы**

**Атырау облысы**, **Мақат ауданы**, **Доссор кенті**

**Өткізу күні**: 2024 **ж.** 10 **маусым**, 10:00-**ден бастап** 12:00 -**ге дейін**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:
**Атырау облысы**, **Мақат ауданы**, **Доссор кенті әкімдігі**

2. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы:

«**Атырау облысындағы құрлық нысандары үшін** 2025 **жылға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім құжаттар жиынтығы**»
*(қаралатын жобалау құжаттарының толық, нақты атауы)*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

**Материалдар бірыңғай экологиялық порталда**: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=18425 **және Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсында жарияланған**: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/767704?directionId=_8251&lang=ru

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

| № | Атауы | Облыс | Аудан | Координаттары, градус, минут, секунд, ендік | Координаттары, градус, минут, секунд, бойлық | Аумақтың ауданы |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қашаған кен орны Құрлық кешені | Атырау облысы | Мақат ауданы | 47°15’19,98” | 52°21’43,294” | 480 |

*(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

**Атырау облысы**, **Мақат ауданы**
*(көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдау өткізілетін әкімшілік- аумақтық бірліктердің тізбесі)*

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«**Норт Каспиан Оперейтинг Компани**» **Н.В. компаниясының ҚР-дағы филиалы**, **БСН** 000 241 000 874, 060002, **Атырау қаласы**, **Смағұлов көшесі**, 1-**үй**; **тел**. +7 (7122) 928000, Fax: +7 (7122) 925800; e-mail: rokcorrespondence@ncoc.kz ; **сайт**: https://www.ncoc.kz
*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | «Sustainable Ecology Development» (SED) **ЖШС** | **Заңды мекенжайы**: **Қазақстан Республикасы**, 050043, **Алматы қаласы**, **Асқаров көшесі**, 3, **тел.** 8 (727) 247-23-23, 247-26-36, **факс**: 338-23-74<br>**Эл. пошта**: sed@sed.kz, **сайт**: http://www.sed.kz |

*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)*

8. Қоғамдық тыңдау өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаудың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

«**Атырау облысындағы құрлық нысандары үшін** 2025 **жылға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім құжаттар жиынтығы**» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау 2024 жылы 10 маусымда, қатысушыларды тіркеу 09:30-да басталды, қоғамдық тыңдау сағат 10:00-ден бастап 12:00-ге дейін Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор к.ә., Доссор кенті, Г.Сүлейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйінде» өтті. Қоғамдық тыңдау сонымен бірге ZOOM платформасында онлайн режимінде өтті. Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін қатысушылардың барлығы келесі сілтеме арқылы өту қажет болды:

Zoom деректері: https://zoom.us/j/94189680056?pwd=QXBzMFYzQ2NBRUl2eDhoRVpmdUU5QT09

Идентификатор конференции: 941 8968 0056 Код доступа: 878574

*(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаудың басталатын және аяқталатын уақыты, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдау ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі).*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдау өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

**1-қосымшадан қараңыз**

10. Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

**Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағын 2-қосымшадан қараңыз**

11. Қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында
**Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жоба бойынша құжаттар жарияланған интернет-ресурсының адресі:** https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/767704?directionId= 8251&lang=ru **10.05.2024 ж. жарияланды және бірыңғай экологиялық ақпараттық жүйеде** https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=18425 **10.05.2024 ж. жарияланды**
*(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)*

3) қоғамдық тыңдау басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

**2024 жылы 25 сәуірдегі №17 (20767) нөмірінде «Прикаспийская коммуна» және 2024 жылы 25 сәуірдегі №17 (20 830) нөмірінде «Атырау» газеттерінде жарияланды - 3-қосымшадан қараңыз;**
*(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің скандалған титулдық беті мен қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, скандалған хабарландыруды қоса ұсыну)*

**2024 жылы 25 сәуірдегі Атырау қаласының «Caspian NEWS» телеарнасында жүгіртпе жол арқылы хабарланды - 3-қосымшадан қараңыз;**

*(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)*

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда
**Хабарландыру Атырау облысы**, **Мақат ауданы**, **Доссор к.ә.**, **Доссор кенті хабарландыру тақталарында**, **Г.Сүлейменова көшесі**, 39 «**Доссор мәдениет үйі**» мекен-жайы бойынша 2 дана хабарландыру ілінді - 3-**қосымшадан қараңыз.**
*Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына жалғанған.*

12. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімдері:

**Қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде Ермек Хайрулла**, **НКОК компаниясының экологі сайланды**. **Қатысушылар саны** – 61 **адам**. *«**қолдаймын** – «61» **қатысушы**, **қарсымын** – «0» **қатысушы**, «**қалыс қаламын** – «0» **қатысушы**.*
*(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)*

**Баяндама жасауға** 20 **минут**, **қосымша сөйлеймін деушілерге** 60 **минуттан берілді**. **Ұсыныс**, **сұрақтар негізгі баяндамашыны тыңдап болғаннан кейін**, **талқыланады**.
«**қолдаймын** – «61» **қатысушы**, **қарсымын** – «0» **қатысушы**, «**қалыс қаламын** – «0» **қатысушы**.
*(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)*

13. Тыңдалған барлық баяндамалар туралы мәліметтер:
**Ақжан Бекназарова**, «Sustainable Ecology Development» **ЖШС-нің аға менеджері**.
*(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*

«**Атырау облысындағы құрлық нысандары үшін** 2025 **жылға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім құжаттар**», 22 **бет**, 22 **слайд**, 1 **файл**, 4 - **қосымшадан қараңыз.**
*(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)*
Қоғамдық тыңдауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып саналатын, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша түрде ұсынылған немесе қоғамдық тыңдау өткізу барысында айтылған ескертулері мен ұсыныстарының барлығын;
Бастамашының әрбір ескерту және ұсыныс бойынша жауаптары мен түсініктерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың жоба және қаралып отырған құжаттардың (негіздемесімен), тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

***Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың* «Атырау облысындағы құрлық нысандары үшін 2025 жылға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім құжаттар жиынтығы» *жобасы бойынша қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы бойынша ұсыныстар мен ескертулер болған жоқ.***

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы, пікірлері мен ұсынымдары)*

16. Қоғамдық тыңдау хаттамасына Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен шағымдануға болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы: **Қосмағамбетов Аслан Елеусінұлы, Доссор кентінің әкімі.**

Қосмағамбетов Аслан Елеусінұлы 12.06.2024

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы: **Хайрулла Ермек, НКОК компаниясының экологі.**

Хайрулла Ермек 12.06.2024

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

**Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| № р/с | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ») |
|---|---|---|---|
| 1 | **Бақытжан Төлеуов – Доссор тұрғыны, жеке кәсіпкер, Мақат ауданы қоғамдық кеңесінің мүшесі**:<br>Сәлемесіздер ме, қатысушылар. НКОК компаниясы үлкен тыңдау жасаймыз деп келіп жатырмыз. Қош келіп жатырсыздар. Әр кездесуде халықтың сұрақтары болады, соның бірі – экологиялық жағдай мәселесі. Қай жерде болсын мынадай химиялық зауыты, мұнай зауыты, атом электр стансасы салынған кезде халық, табиғат зардабын шегеді. Жаңа презентацияны тыңдадық, бірақ халыққа түсіндірген кезде қарапайым тілде түсіндіргені дұрыс, нақты мысалдармен түсінікті тілде жеткізгені дұрыс. Су мәселесі халыққа болсын, өндіріске болсын кездеседі. Астраханьнан су алынады, санкция мәселесі бар. Осындай мәселе орын алса, яғни, зауытқа су беруді тоқтату қаупі жоқ па? «Жер астында көмдік», «сақтап жатырмыз» дегендер дұрыс болар. Бірақ алдын ала тал егу мәселесі қарастырылған ба? Жолдың екі жағына болсын, зауытқа болсын орман салыну керек. Ауданға көмектер көрсетіліп жатырған болар, ол көп пе, аз ба, білмедім. Әкімдік айтып жатыр, көмек | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері, НКОК**:<br>Зауыт 2016 ж. іске қосылды. Презентацияда барынша материалдар ықшамдалып берілді. Сіздің сұранысыңыз бойынша жалпақ тілде тағы қалай жеткізуге болатынын алдағы уақытта тағы қарастырайық. Атырау-Маңғышлақ су құбыры тоқтап қалған жағдайда қандай жоспарларымыз бар?<br>Зауыт жұмысымен танысу жұмысы бұрын жүргізілді. Ол жер қауіпті аймақ болып саналатындықтан Энергетика министірлігі мен акционерлерімізден арнайы рұқсат алу керек болады. Егер сұраныс хат жазсаңыздар біздер мүмкіндіктерін қарастырайық.<br><br>**Жанат Қожан - экологиялық жоба рұқсат бөлімінің топ басшысы, НКОК**:<br>Саламатсыздар ма. Алдымен су мәселесі бойынша: 1-кестеде көрсетілгендей Астрахань-Маңғышлақтан су аламыз. Жылына облыс бойынша есептегенде 2%-дай су аламыз. 2023 жылдың үшінші тоқсан аяғында су тазалау қондырғысын іске қосылды, осы қондырғы Астрахань-Маңғышлақ құбырынан су алу мөлшерін азайтуға көмектеседі. Өткен жыл қорытындысы бойынша су алу көлемі 2,7%-ға түсті. Алайда зауыттан шыққан суды қайта қолданып, су айналымын қамтамасыз ету 50%-ға көтерілді. Астыңғы кестеде көрініп тұрғандай 2022 ж. - 29% болса, 2023 ж. - 50% өзімізден шыққан суды пайдаланып келеміз.<br>Қоршаған ортаны қорғау бойынша тал егу бойынша арнайы бағдарлама бар. Атап айтсақ, 14 га. жерге зауыт аймағында тал егілді. Алайда зауыт айналасындағы топырақ құнарсыз болғандықтан 99% өспегендіктен Әкімдікпен бірлесіп зауыттан басқа 308 га. жерге тал отырғызуға келісім алдық. Қазіргі таңда, қалада, Соколок каналы жағалауы, | **Жауап берілді** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | беру жағы ұлғайтылса деген ұсыныс бар. Зауытқа барып, жұмысымен танысып көзімізбен көргіміз келеді. Зауыттың пайдасы қандай: халыққа, елге, шет елге? Нақты айтылса осы жағы. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Зауыт іске қосылғалы неше жыл болды? 8 жылдан бері экология жағынан айыппұл салынды ма? Заң бұзушылық орын алды ма? Заң бұзушылықты алдын алу бағытында қандай жұмыстар жасалуда? Кемшіліктер орын алса оны болдырмауға тырысуымыз керек.<br><br>**Бақытжан Төлеуов - Доссор тұрғыны**, **жеке кәсіпкер**, **Мақат ауданы қоғамдық кеңесінің мүшесі**:<br>«Тал шықпайды» деген сөз емес. Топырақты жаңарту керек. Тағы сол сияқты жұмыстар жүргізу керек. Үлкен кісілеріміз біледі: Доссор ашылған кезде бақ салынды. Осы жайында оқығаным бар: бақтың негізін салушы әйел адам, өзі орманшы да емес. Петербордан келіп 60 мың тал еккен. Суды түйемен Атыраудан тасыған. Осындай бақты Ескенеге де салған. Әрбір тал өсіп шыққанда қуанған. Жергілікті мұнайшылар талдарды күту, баптау жұмыстарына көмектескен. Осы сияқты талдарды жанымыз ашып салуымыз керек. Талдарды отырғызып кетіп қалуға болмайды. Өзім де он жыл зауытта жасадым. Бәріміз талға да, суға да, басқаға да жанымыз ашып, жұмыла жасауымыз керек. | Берекеде тал егілді. Мақат пен Доссорда 20 га. жерге тал егілді. Бүгінгі таңда 248 гектарға егілді. Біз талдарды тек егіп қана емес, олардың 90% шығуына міндеттемеміз бар. Шықпай қалған талдардың орнына қайтадан тал егіліп жатыр.<br>2021 ж. экологиялық заңнамаларға өзгерістер енді. Осы заңнамаларға сай жыл сайын Экология министрлігінің комитетіне рұқсат алуға Өтінім береміз. Рұқсат алуға барар алдында біз халыққа келесі жылы осындай жұмыстар атқарылады деп құлақтандыру керекпіз. Бүгінгі қаралып отырған баяндамада ірі құрылыс жұмысы қарастырылмаған, яғни Қарабатанда қарқынды құрылыс жүріп жатырған жоқ. Тек қана «Самал» вахталық кешенінде қызметкерлер тұратын блоктарды көбейтіп жатырмыз. Бұл туралы 2024 жылдың қыркүйек айында Мақат ауданында өткен қоғамдық тыңдауда айтылды.<br>8 жылдың ішінде Экология Департаменті жүргізген тексерістер бойынша, Карабатандағы нысандарда шығарынды заттарды сарқынды суларымен булану алаңдарына лақтыру фактілері нормативтен тыс анықталды. Аталмыш заң бұзушылықты жою мақсатында іс-шара жоспары жасақталды. Жоспарға сәйкес су тазарту қондырғысы модернизациядан өткізіліп, сарқынды судың құрамы жақсартылды. Қазіргі таңда бұл фактілер қайталанып, тіркелмеді.<br><br>**Марал Кадеева - инженер - эколог**, **НКОК**:<br>Компанияның өндірістік экологиялық бағдарламасы бойынша барлық объектілерде, сонымен қатар құбыр жолдары орналасқан Мақат, Доссор аудандары жанында да мониторинг жұмыстарын жүргізіп келеді. Мониторинг жүргізілетін қоршаған орта компоненттеріне топырақ, жер асты суы, өсімдіктер және жануарлар әлемі жатады. Бұл жұмыстардың қорытындыларын Компания тоқсан сайын құзырлы органдарға тапсырып отырады. Егер белгілі бір компонент көрсеткіші шекті нормадан асқан жағдайда Компания қосымша жұмыстар жоспарлап, оның себебін анықтап, алдағы уақытта болдырмауды алдын алады. Бұл жұмыстарды Компания мердігер мекемелер көмегімен орындайды. Мердігерлер мемлекеттік органдардан алған лицензиялары, тәжірибелі ботаник, зоолог т.б. мамандары бар мекемелер. Қазіргі таңда қоршаған ортаның жағдайы қанағаттанарлық.<br><br>**Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Егер сұрақтарыңызға қанағаттанарлық жауап алсаңыз келесі сұрақ берушілерге кезек берелік. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | **Қадырғали Бисенов - Доссор ардагерлер ұйымының төрағасы**:<br>ТШО-да 34 жыл қызмет еттім. Күкірт зиянын жақсы білемін. 2020 жылдан бастап зейнеткермін. Жалпы мұнайдың 100% халыққа пайдасы жоқ. Енді егілген талдар бойынша. Мамандарыңыз бар. Бірақ 7 жыл ішінде осы егілген талдардан шығып тұрған бір талды көрсете аласыздар ма? Осы жұмыстарды кімдер тексеріп қадағалап жатыр, кімдер олар? Ардагерлерді жинап осы сіздің компанияңыз келеді деген соң өзім апардым, бірақ бәрі өлі талдар. Кезінде осы мұнайды шығарып бастаған жылдары бәрі шықты, керемет болды. Ал қазіргі сіздің жасаған 7 жыл ішінде мен нақты жасалған еш жұмыс көріп тұрған жоқпын. Осы ауылымызда сордың жағасынан тал егіп, өнім алып, бір талдан бірнеше түрлі жеміс алып отырған жігіттер бар. Ал сіздер құрттай қара талды шығара алмай отырсыңдар. Соған жауап бере аласыңдар ма? | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Сұрағыңызға рақмет. Жасыл желектер жобамыз бойынша кемшіліктер бар, нәтижесі толыққанды болды деп айта алмаймын. Осы мәселе бойынша үстіміздегі жылдың 13 маусымында Аслан Елеусінұлымен кездесу жоспарлап қойдық. Осы жерде мердігер мекеме өкілдері бар. Сол кезде ұсыныстарыңызды айтыңыз, ұсынысыңыз өте орынды. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |
| 3 | **Қадырғали Бисенов - Доссор ардагерлер ұйымының төрағасы**:<br>Сонымен бірге ардагерлер мен балалардың жазғы демалысын қалай ұйымдастыруға болады? Мысалы, НГДУ тек өз адамдарын қамтамасыз етеді. Ал біздегі басқа да балалар мен ардагерлер не істейді? Қарамағымда 1116 зейнеткер бар. Кеше 9 ғана жолдама беріпсіздер. «Атырау» шипажайының жағдайы қазір өте нашар, өзің барып тексер, маса, адам демалғандай болмайды. | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>2019 жылға дейін біз осындай жобаларды қолдап келген болатынбыз. Кейін Сәбит ағамыздың сұранысымен қайтадан қолға алдық. Енді шипажайды таңдап бару мәселесі қиындау. Оны қосымша отырып талқылайық. Біздің де өз талаптарымыз бар. Сонымен қатар бізде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша қазір тендер жүруде. Негізі қайталап айтайын: біз шипажайға жолдама беруді тоқтатқан едік, қазір қайтадан қолдау көрсетуді қолға алдық. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |
| 4 | **Қадырғали Бисенов - Доссор ардагерлер ұйымының төрағасы**:<br>Демалған соң шипажай атына заты сай болғаны жақсы ғой. «Бердім, болды» деп жауып тастау дұрыс емес манағы талдар секілді. Сонымен бірге спорт мәселесіне байланысты біздерде жақсы мамандар, | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Аға, жарыстарға қолдау көрсете алмаймыз. Бірақ өткен жылы да, алдыңғы жылы да спорт мектептеріне қажетті құрал-жабдықтарын алып бердік. Жалпы қолдау болады, тырысамыз. Денсаулық сақтау, балалар ұйымдарын көлікпен қамтамасыз ету, ерекше | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | спортшылар бар. Залдар бар, ойын алаңдары бар жарыстарға барады. Осы спортты дамытуға сіздерден қандай көмек болады? | балаларға қолдау көрсету секілді өте маңызды демеушілік жобаларды жүзеге асырудамыз.<br>Тоқталып кетейін Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде ауданда 2003 жылдан бері 17 әлеуметтік жоба іске асырылды. Қазіргі таңда Доссор кентінде 60 пәтерлі үй салып жатырмыз. Биыл алғаш рет Мақат ауданына екі жылға 10 млн АҚШ доллар бөліп отырмыз. Әкімдік 3 жоба ұсынды және тағы да жақсы жобалар күтетін боламыз. Ал Демеушілік және Қайырымдылық бағдарламасы шеңберінде 200-дей жоба жүзеге асты. Соңғы кездері Мақат ауданына көп көңіл бөлініп келеді. «Доссорға да көңіл бөлу керек» деген ұсыныстар болды, ол ұсыныс қабылданды. Доссорға және оның айналасындағы ауылдарға әлеуметтік жобаларды іске асыруға дайынбыз. Одан тыс колледж студенттерінің жазғы және қысқы өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндіктері бар. Алғаш рет колледж студенттері өндірістік тәжірибеден өтті, бұл да жыл сайын жалғасын табатын болады. Сонымен қоса студенттер оқу ақысын төлеп беру бағдарламасы да бар. | |
| 5 | **Қадырғали Бисенов - Доссор ардагерлер ұйымының төрағасы**:<br>Мақат, Доссор командалары үнемі бірге жүреді. Оларда қазір көп заттар бар, енді Доссор ауданына да спорт құралдары, формалар, көліктер берілуі қажет. | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Биыл Доссордан сұраныстар келді, алдағы Комитет отырысында қарайтын боламыз. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |
| 6 | **Талғат Жолдасбаев - Доссор тұрғыны**:<br>Қазіргі таңда 60 пәтерлі үй салып жатырсыңдар. Оның сапасын кім қарайды? Соған қатысты 20 тондық ауыр жүк көліктері жолды бұзып жатыр, оны кім қадағалайды екен? Сосын бассейн саламыз депсіздер, ол қашан басталады? | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Компанияның әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалары негізінен облыстық әкімдік құзыретінде. Соған өз ұсыныстарыңызды аудандық әкімдіктер арқылы жолдасаңыздар болады. Олар өзара қарастырып, қоғамдық кеңестер арқылы сол ұсыныстар бекітіледі. Білуімше, соңғы рет әкіммен сөйлескен кезімде Мақат ауданына қатысты 3 жоба ұсынылды деген болатын. Бірақ ұсынылған тізімде Доссор ауданына қатысты жобалар болмады. Себебі оларды әкімдік ұсынбаған болып шықты. Алдағы уақытта аудан әкімдіктерімен ұсынылса қарастыруға болады.<br>Салынып жатырған құрылыс басында компаниямыздан Жанат есімді жауапты өкіліміз бар, сол кісіге транспорт бойынша сұрағыңызды жеткіземіз, сосын шешім қабылданатын болады. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |
| 7 | **Талғат Жолдасбаев - Доссор тұрғыны**: | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**: | **Қоғамдық тыңдаудың** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Өте керемет. Сонымен бірге барлық құрылыс мәселелерін әкімдікке ысырып тастамай, өздерің де дұрыстап қадағалаңыздар.<br><br><br>Рақмет.<br>Соны жеткізсеңіз. Мүмкіндік болса көлікті мүлдем жүргізбеуге. Сосын жергілікті өздеріңіздің адамдарыңызды қойсаңыздар, технодзор қадағаласа, тек жергілікті әкімшілік емес. | Кез-келген құрылыс басында технадзор, авторлық надзор және, барлық қадағалау ұйымдары және әкімшілік тарапынан да бақылау бар. Сіздің көлік тасымал жөнінде ұсынысыңызды, кеше Аслан Елеусінұлы да айтты, сондықтан ол мәселені мен тағы көтеретін боламын. Ұсынысыңызды қабылдаймыз.<br><br>**Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**<br>Жақында сол нысанның басына визит жасалған болатын, Аслан мырза да біледі. Барлық қадағалау күнделікті жүріп жатыр, сондықтан қандай да бір ұсыныс болатын болса, біздер сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз. | **тақырыбына қатысы жоқ** |
| 8 | **Ахметжан Жұмағалиев - Доссор тұрғыны**, **Мақат ауданының қоғамдық кеңесінің төрағасы**:<br>Жиынға қатысушылар, мынау қоғамға, адам басына не керек. Осы салынып жатырған зауыт - біздің ауданымыздағы бірден-бір мемлекеттік нысандардың ішіндегі ең ірісі. Осы ірі мекеменің біздің мына ауданға, халыққа, оның өміріне пайдасы болғанын, әлеуметтік жағдайының жақсы болғанын қалайды. Елінде, жерінде таза ауада өмір сүргілері келеді. Техногендік инженерлер құрылыс жөнінде сауатты баяндама жасап жатыр. Баяндаманы қоғамға түсініктілеу қылып, қарапайым тілмен жеткізсе деген ұсыныс бар. «Біз жұмыс жасап жатырмыз», «салығымызды төлеп жатырмыз» дейсіздер. Бірақ жасап жатырған жақсылықтарыңызды бағалай, бақылай білу керек. Біздің ауданға көптеген проекттер өтіп жатыр. Сөз жүзінде қалмай, іске асса. Қанша қоғамдық кеңестер болды. 22 проект жасалғаны бар, жасалатыны бар. 2023 жылы Экология департаменті айыппұл салған, соның қателіктері қалай жойылды? Соны айтсаңыз, салық қайда түседі? 30 %-ы ауданға бөлінсе. Үкімет тарапынан, бірден бір аудан, өндірісі көп, салық аз. Әлеуметтік жобалардың көп болуын тілеймін. | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Салық жөнінде сұрағыңыз хаттамаға енгізіледі, жазбаша жауап беріледі.<br><br>**Жауап**:<br>Компания жеке кәсіпкерлік субъектісі болғандықтан, салық түсімдерін бөлу мәселелеріне қатысты түсініктер беруге уәкілетті емес. Бұндай мәселелер тиісті құзыреті және сол мәселелер бойынша түсініктер беруге қатысты ақпараты бар уәкілетті мемлекеттік органдардың құзырында.<br>Сондықтан біз салық түсімдерін бөлу мәселелері бойынша қосымша ақпарат пен түсініктер алу үшін тиісті мемлекеттік органдарға жүгінуге кеңес береміз. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | **Ғазиз Ғабдуллин Жолдасұлы** - “**Ақиқат**” **қоғамдық кеңесі басшысы**:<br>Атырауда «Атамекен палатасында ауыл шаруашылығы жөнінде үлкен жиналыс жүріп жатыр еді. Біз хат жазғанбыз: Атырау облыстық табиғат ресурстар реттеу басқармасының басшысы келіп қатыссын деп. Келесі қоғамдық тыңдауға міндетті түрде келуіңіз керек. Келіп қатысуыңызды сұрап отырмыз. Халықтың талабы.<br>Екінші сұрақ, Ахметжан ағамыз айтып кеткендей салық базасы жөнінде, салық базасын кеңейту жөнінде комиссия бар, алдағы уақытта жергілікті салықты көбейту жөнінде ұсыныстар береміз, талап етеміз. Астанаға ма, Атырауға төленіп жатыр ма, негізі жергілікті жерге Мақат ауданына тікелей төленуі керек. Аудан деңгейінде көтеретін боламыз.<br>Үшіншіден, айтылған нысандар бар, бөлінген қаржылар бар, солардың бәрі әлі шешілмей жатыр. Аурухана, бассейн, оқу ағарту ғимараты секілді әлеуметтік нысандардың салынуы шешілу үстінде деген болатын. Мақат ауданына жаңа басшы келсін, Лазардың орнына келген жаңа басшы жұртшылықпен танысып кездесуін талап етеміз. Сонымен қатар, 2023 ж. 23 қарашада зауытқа экскурсия жасағанбыз, содан бері екі жыл өтіп кетті. Біз әрі қарай осыны күн тәртібіне қосайық. Қоғамдық тыңдаудың хаттамасына енгізілсін. Жұмыссыздық мәселесі - өте өткір мәселелердің бірі. Айналадағы компанияларды Доссор кентіне, әкімдігіне шақыртуы жөнінде ұсыныстарды хаттамаға енгізуді сұраймын. | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Басқармадан Нұрлан Қойланұлы онлайн қатысып отыр.<br><br>**Нурлан Джантоков Койланович** - **Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы**:<br>Офлайн баруға жағдайды білесіздер, мен онлайн қатысып отырмын. Онлайнда қатысуға болады, барып оффлайн қатысу керек деген заңда қарастырылмаған.<br><br>**Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Қабылданды, хаттамаға енгізетін боламыз. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |
| 10 | **Галина Чернова - директор Центра эколого-правовой инициативы** «**Глобус**»:<br>Во-первых, дата 2021 год. Вы согласовали график выбросы и сбросы. Сейчас на дворе 2024 год. | **Жанат Кожан - экологиялық жоба рұқсат бөлімінің топ басшысы**, **НКОК**:<br>Здравствуйте, Галина Христофоровна. Я начну отвечать на ваши вопросы. По поводу очистных сооружений: выбросы и сбросы от работы очистных сооружений, указанных в наших ответах согласованы в 2021 году контролирующими органами в рамках | **Жауап берілді** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | У вас как бы и сам проект претерпел изменения и не только дизайна и технических. Введена новая очистная установка, поэтому необходимо провести дополнительные согласования и утвердить новые нормативы. Нас не устраивает что даже после новой очистной станции вы продолжаете очищать сероводород только на 60%, а метанол 56,9%. Это нас не устраивает, потому что все идет потом в воздух, испаряется с лагун и весь народ дышит тем, что сбрасывается и выбрасывается с ваших предприятий.<br>Второй вопрос, требую дополнительного согласования по сере, во-первых, в ваших презентациях было сказано, что 60 наименований всяких ингредиентов вы выбрасываете в воздух. На самом деле не 60 наименований загрязняющих веществ, а по проекту 63, то есть надо быть все таки корректными в этих данных и не скороговоркой докладывать нам эти презентации, а более подробно и останавливаться на ключевых моментах, которые вызывает отравление окружающей среды, соответственно отравление населения региона, включая аулы и поселки, которые находятся вокруг «Болашак». | экспертизы проектного решения. Вы ссылаетесь мы когда отвечали по поводу очистки новых очистных сооружении, мы говорим о том, что, проект строительства и эксплуатации очистных сооружений спроектирован в 2020 г. и согласован 2020 году, где согласованы проектные решение с проектными показателями.<br>Сейчас в заявке на получение разрешение на 2025 год, указаны проектные параметры по этим сбрасываемым водам. Когда мы говорим степень очистки по новым установкам, очистные сооружение — это дополнительное очистное сооружение к существующим очистным сооружениям. Если брать сероводород, то текущая установка, которая на заводе и так работала до ввода новой установки по сероводороду очистка составляла 99,05%. Новая установка дополнительно довела очистку до 99,96%. В настоящее время норматив по сероводороду составляет 1,4 мг/л, средняя фактическая концентрация составляет 0,7, то есть в сбрасываемой воде у нас содержание сероводорода ниже нормативных показателей.<br>Касательно количество загрязняющих веществ мы говорим 60, а указано 63. Проект НДВ, который мы сегодня обсуждаем и который направляется на госэкспертизу для получение разрешение на 2025 год указан 60 наименовании загрязняющих вещество, на которые мы хотим получить разрешение, количество 63, которые вы говорите в данную заявку включен раздел охраны окружающий среды на строительство дополнительных блоков для вахтового поселка «Самал», которые предусматривают сварочные работы. Которые дает 3 дополнительных загрязняющих вещества. Согласно новым требованием экологического кодекса, к сожалению, проект норматива НДВ не должен включать нормативы раздела РООС который входит состав заявочный пакета для получение разрешение. По результатам ПЭК. Коллеги ответят.<br>Средняя концентрация факта составляет 0,7, то есть сбрасываем воде у нас содержание водорода ниже нормативных показателей. | |
| 11 | **Галина Чернова - директор Центра эколого-правовой инициативы** «**Глобус**»:<br>А почему вы отвечаете, что на 60%? Вот опять не знаете, как верить. Вы вообще кого вводите в заблуждение на 60%?<br>Ну не 60 а 50. Сейчас даже точно скажу в вашем ответе, открою и скажу, но то есть опять лукавите давайте уж быть до конца уж есть сказали А и говорите Б. Чего же Вы вынуждаете меня что бы я вас подлавливала? | **Жанат Кожан - экологиялық жоба руқсат бөлімінің топ басшысы** , **НКОК**:<br>60% [56.5%] мы говорим об очистке метанола. Это проектный показатель очистки 60% норматив по метанолу составляет 3 мг/л. Фактический показатель составляет 1 мг/л , то есть мы тоже ниже предела нормативы сбрасываем 1 мг/л.<br>Галина Христофоровна, давайте мы тогда отправим Вам заключение государственной экспертизы.<br>[вырезка с проектными показателями по эффективности очистки новых очистных сооружений представлен ниже] | **Жауап берілді** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **6.4 Оценка воздействия на окружающую среду**<br>РГП «Департамент экологии по Атырауской области» Комитета экологического регулирования и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан выдано положительное заключение экологической экспертизы на проект от 19 июня 2020 года № E011-0097/18.<br>**6.5 Оценка соответствия санитарным правилам и гигиеническим нормативам**<br>Проектируемая установка очистки вод технологического процесса размещена на территории существующей промышленной площадки. Установка очистки кислой воды (УОКВ) предусматривает очистку пластовой воды из установки 210 подготовки нефти и воды на новой отпарной колонне путем отпарки метанола и сероводорода. Установка очистки сточных вод (УОСВ) предусматривает очистку смешанных производственных стоков от взвешенных веществ, нефтепродуктов и железа. Эффективность очистки сточных вод на сбросе в пруд испаритель ПРЖТО: сероводород – 5 мг/л (99,9%), метанол – 841 мг/л (56,5%), нефтепродукты – 3 мг/л (32,5%), взвешенные вещества – 41,4 мг/л (67,5%), железо – 2,2 мг/л (75,6%) (санитарно-эпидемиологическое заключение от 6 сентября 2019 года № E.01.X.KZ67VBZ00006315 на проект нормативов предельно-допустимых сбросов в накопительные секции ПРЖТО с очищенными производственными сточными водами УКПНиГ «Болашак», выданное Департаментом ККБТУ Атырауской области Комитета ККБТУ МЗ РК).<br>Обеспечение условий труда, бытового обслуживания, медицинского обеспечения и питания работающих предусмотрено в существующем административно-бытовом здании.<br>Заключение № 01-0289/20 от 22.06.2020 г. по проекту «Обустройство объектов опытно-промышленной разработки месторождения Кашаган. Наземный комплекс. Установка очистки вод технологического процесса» | |
| 12 | **Галина Чернова - директор Центра эколого-правовой инициативы** «**Глобус**»:<br>Когда мы сможем увидеть результаты вашего ПЭК по тяжёлым металлам и как? Если есть данные на слайде, можно мне тоже будет это прислать?<br><br>Вы мне ответьте на все вопросы письменно. Эти вот документы, которые обещали обязательно мне перешлите. | **Марал Кадеева - инженер-эколог**, **НКОК**:<br>Здравствуйте. По поводу мониторинга почвы, как мы ранее с вами уже обсуждали, мониторинг почвы Компания проводит два раза в год, то есть весной и осенью.<br>В 2025 году Компания также планирует проведение мониторинга почвы два раза в год в весенний и осенний периоды. Кроме тяжёлых металлов Компания также определяет содержание нефтепродуктов, соединения серы два раза в год.<br>Да, можно.<br>[Результаты мониторинга почв по определению тяжелых металлов будут представлены Черновой Г.Х. в письменной форме].<br><br>**Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Хорошо, принято. | **Жауап берілді** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | **Галина Чернова - директор Центра эколого-правовой инициативы** «**Глобус**»:<br>Третий вопрос по компании « INPEX " согласовывала ли это Компания которая входит в консорциум NCOC? Согласовала ли она с вашими участниками с другими участниками Консорциума вопрос транспортировки нашей нефти в Германию через нефтепровод «Дружба»? Мы получили эту информацию из СМИ и Медиа. И были чрезвычайно удивлены потому что, даже правительство не посвящено в эти тайны Мадридского двора и нам не понятно. Мы что действительно сырьевая колония или мы все-таки достойный игрок на этом нефтяном поле.<br>Ну и по «INPEX» как случилось? Что какая-то отдельная компания, работающая в Консорциуме, у вас очень сложная система согласование, вдруг отправляет казахстанскую нефть - кашаганскую на Германский рынок через нефтепровод «Дружба», как это вообще?<br>Согласуется у вас внутри консорциума?<br><br>**Галина Чернова - директор Центра эколого-правовой инициативы** «**Глобус**»:<br>Но вообще это ужасно. Компания еще толком налоги не выплачивает суммы нашей стране. Только 2% выплачивает в национальный нефтяной фонд, ну еще проводит программы социальных инфраструктурных проектов и программу спонсорства и благотворительности. Насколько мы знаем даже не добровольно это у вас прописано в СРП, а тут оказывается еще есть внутри вашей компании члены консорциума, которые запросто выходят на международный рынок и торгует Казахстанский нефти. Вообще мы в шоке просто. | **Тимур Джантаев - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджер**, **НКОК**:<br>Галина Христофоровна, добрый день. Компания NCOC является назначенным оператором согласно Соглашению о разделе продукции по Северному Каспию, который не занимается покупкой или продажи продукции. Поэтому мы не комментируем вопросы, которые входят в зону ответственности подрядных компании. Спасибо. | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Мы сделаем протесты. У меня завтра встреча с мажилисменами парламента, и я этот вопрос обязательно задам. Потому что это все возмутительно, ужасно | | |
| 14 | **Галина Чернова - директор Центра эколого-правовой инициативы** «**Глобус**»:<br>Ну да ну еще я задала конечно письменный вопрос. Но тем не менее я его задам и устно. Когда будет подключено энергообеспечение 104 станции? Мы запрашивали областной акимат. Они ссылаются на вас – компанию. Что это компания отключила в одностороннем порядке. Вы вообще там разберитесь, потому что это вопрос скандальный. И если этот скандал выплеснется на публичное поле, вам мало не покажется. Подключите 104 станцию и не морочьте нам голову.<br><br>Где это место? Где это станция? Где будет расположено?<br><br><br><br><br><br>Год прошел как вы ее отключили? Никак нельзя было оперативно решить этот вопрос? Только в марте было трижды газовая атака над городом. | **Қызғалдақ Амангелді - биоәртүрлілік және мониторинг инженері**, **НКОК**:<br>По поводу 104 станции - мы получили официальное письмо от департамента экологии по Атырауской области, о том что, необходимо переносити эту станцию. Так как эта станция находится в черте производственных зон города Атырау и сравнение результатов с ПДК не применимо. Поэтому мы организовали встречу 15 марта 2024 года с представителями департамента экологии по Атырауской области, РГП Казгидромет, Атырауский СЭС, Атырауский областной департамент природных ресурсов чтобы выбрать новое место расположение для переноса станции 104Мы выбрали место совместно учитывая доступность инженерных сетей и обеспечение свободного доступа к обслуживанию станции и согласовали с отделом земельных отношении г.Атырау и Филиалом РГП на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» в Атырауской области.<br><br>**Қызғалдақ Амангелді - биоәртүрлілік және мониторинг инженері**, **НКОК**:<br>Это станция будет расположена в районе “Мирный” г. Атырау, недалеко, где было установлено СМКВ 104. Месторасположение было согласовано с РГП Казгидромет. Получено письменное подтверждение что это место соответствует всем требованием «РД 52.04.186–89. Руководство по контролю загрязнения атмосферы».<br><br><br>**Қызғалдақ Амангелді - биоәртүрлілік және мониторинг инженері**, **НКОК**:<br>На данный момент Компания направило письмо в акимат г.Атырау с запросом выделить земельный участок для нового месторасположение данной станции. На данный момент мы ждем от акимата, чтобы они нам предоставили отвод земельного участка, после этого мы уже готовы перенести станцию. Станция на данный момент уже демонтирована ввиду ЧС, вызванной паводковой обстановкой в Атырауской области, по итогам проведенной оценки риска.<br><br>**Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**: | **Жауап берілді** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Галина Христофоровна, по другим вопросам если не получили ответы, мы все ваши замечание включим в протокол. | |
| 15 | **Ізтурган Тасбаев - Мақат ауданының мұнай және газ политехникалық колледжінің басшысы**:<br>Құрметті кент тұрғындары, бұл компаниямен біз 2 жылдың үстінде жұмыс жасаудамыз. Бізде енді «Индустрияльный совет» деген қамқоршылар кеңесі бар. Сол кеңестің мүшелері мана Сұңқар мырза өзі сөзінде айтып кетті, бізге, аудан халқына ең бірінші керегі - жұмысқа орналастыру. Бізден шыққан түлектерге, мысалы биылдың өзінде 7 студентті өндірістік тәжірибеден өткіздік. Бұлар әрі қарай жұмыс жасау үстінде.<br>Екінші, әлеуметтік жағдайлар жөнінде айтылып жатыр. Бұл компанияға 70 орындық жатақхана керек деп айтылып келе жатыр. Бұл сұрақ аудан әкімдігі тарапынан қолдау таппады. Енді қазір салалық кеңес бір проект бойынша жұмыс бастадық. Яғни біздер мамандық ауыстыру, сол мамандықтарға бір база жасау жөніндегі ұсыныс бергенбіз. Сол ұсыныс бойынша қазір жұмыс жүріп жатыр Бұл компания Ахметжан ағай айтып кеткендей, бергенді бағалай білу керек. Бұл компания ауданға келіп<br>әлеуметтік салаларда көптеген жобаларды жүзеге асырып жатыр., Үйлер салып жатыр. Енді халықтың жұмысқа орналасуына өз ықпалдарын тигізсе нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар мысалы қазір студенттер осы екі ай каникулға шығады, «Жасыл ел» деген бағдарлама бар, соны қолдаса. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br><br>Ұсыныстарды қабылдадық. Басқа залдан ұсыныс бар ма? Өзіңізді таныстырып өтсеңіз. | **Қабылданды** |
| 16 | **Мирғали Нарегеев –Таскескен** 469 **разъезд тұрғыны**:<br>«Таскескен» разъезінен келіп тұрмын. Қасымда көршілерім бар. Мақат ауданының шекарасында тұрамыз, Атырау жағында., Зауыттың түбінде біздің | **Сұңқар Құлжанов - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері**, **НКОК**:<br>Аға, сұрағыңызға рахмет. Бұл сұрақ жалпы күн тәртібінде тұр, компанияның, бұл біздің санитарная зона дейді ғой, санитарная зона защита сыртында тұрғандықтан, біздің заңнамалық құзырымыздағы емес сұрақ, бірақ дегенменде өткенде Ербол мырза | **Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ** |

| | | | |
|---|---|---|---|
